



Серіктестердің жұмыс жүргізу ережесі

Серіктес:

1. Құпия ақпаратты және Серіктестерге қызмет көрсету шартын жасасуға байланысты басқа да мәліметтерді кез келген тәсілмен жария етпеуге;
2. Kaspi-ге шынайы сауалнамалық және өзге де деректерді беруге міндетті. Серіктес шынайы емес деректерді берудің салдары үшін жауапкершілік атқарады;
3. Қаржылық (инвестициялық) пирамиданың анықтамасына жататын қызметті жүргізбеуге, соның ішінде оны ұйымдастыруға, басқаруға және т.б. байланысты әрекеттерді жасамауға;
4. Тапсырыстарға қатысты жалған мәмілелер жасамауға, соның ішінде клиенттің тауар үшін төленген ақшаны қолма-қол ақшаға айналдыруы мақсатында мәмілелер жасамауға (тауарды берудің орнына Kaspi-дің кредиті/бонусы есебінен тауар ақысын төлеуге алынған ақшаны бермеуге), сондай-ақ Серіктестерге қызмет көрсету шартының талаптарына қайшы келетін кез келген әрекетті жасамауға;
5. Kaspi-ге, Kaspi-дің клиенттері мен серіктестеріне залал келтіруі мүмкін, соның ішінде олардың іскерлік беделіне жағымсыз әсер етуі мүмкін кез келген өзге әрекетті жасамауға міндетті.

Kaspi Серіктестің қызметі туралы жағымсыз ақпарат алған жағдайда, соның ішінде Kaspi-де Серіктестің операциялары елдердің, одақтардың, ұйымдардың енгізген, Kaspi-дің қызметіне, оның іскерлік беделіне және т.б. елеулі әсер ететін немесе өзгеше жағымсыз әсер ететін қандай да бір санкциясының, тыйымының, шектеуінің ықпалында болған не енгізілген санкцияларды, тыйымдарды, шектеуді айналып өтуге бағытталған деп пайымдауға негіз болған жағдайда; Серіктестің әрекеттерімен Қазақстан Республикасы заңнамасының, Серіктестерге қызмет көрсету шартының және осы Серіктестердің жұмыс жүргізу ережесінің талаптары бұзылғаны анықталған жағдайда, Серіктеске қатысты **мынадай шаралар қолданылуы мүмкін:**

1. Электрондық қызмет көрсетуді шектеу немесе тоқтата тұру;
2. Kaspi Pay-ге кіруге рұқсатты бұғаттау;
3. Серіктестерге қызмет көрсету шартын бұзу және/немесе Электрондық қызмет көрсетуді біржақты тәртіппен тоқтату.